

Аңшылықта пайдаланылатын аушы жыртқыш құстарды есепке алуды жүргізу және тіркеу қағидаларын бекіту туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 1 маусымдағы № 725 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 4 қыркүйектегі № 745 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.09.2015 № 745 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2015 жылғы 27 ақпандағы № 18-03/144 бұйрығын қараңыз.

«Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының 8-бабының 24-6) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Аңшылықта пайдаланылатын аушы жыртқыш құстарды есепке алуды жүргізу және тіркеу қағидалары бекітілсін.
2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан Республикасының</i>
Қазақстан	<i>К. Мәсімов</i>
Үкіметінің	Республикасы
2012 жылғы	01 маусымдағы
№ 725 қаулысымен	
бекітілген	

Аңшылықта пайдаланылатын аушы жыртқыш құстарды есепке алуды жүргізу және тіркеу қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Аңшылықта пайдаланылатын аушы жыртқыш құстарды есепке алуды жүргізу және тіркеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңына сәйкес әзірленді және аңшылықта пайдаланылатын және қолда ұсталатын аушы жыртқыш құстарды есепке алу және тіркеу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) аңшылықта пайдаланылатын аушы жыртқыш құстар – аңшылықта пайдаланылатын бүркіт, сұңқар және қырғи;

2) қысқа мерзімді қолда ұстай тұру – аушы жыртқыш құстарды 10 күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде қолда ұстай тұру;

3) паспорт – аңшылар мен аңшылық шаруашылығы субъектілері қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастығы (бұдан әрі – қауымдастық) дайындайтын аушы жыртқыш құстардың тұрақты түрде қолда ұсталуының заңдылығы мен оның тіркелуін куәландыратын құжат.

3. Қазақстан Республикасының аумағында қолда ұсталатын, аңшылықта пайдаланылатын аушы жыртқыш құстар үш айға дейінгі мерзімге уақытша әкелінген немесе қысқа мерзімді уақытша қолда ұстауда тұрған құстардан басқа, қауымдастықта есепке алынуға және тіркелуге жатады.

2. Аңшылықта пайдаланылатын аушы жыртқыш құстарды есепке алуды жүргізу және тіркеу тәртібі

4. Аңшылықта пайдаланылатын аушы жыртқыш құстарды есепке алу мен тіркеу жүргізуді қауымдастық жүзеге асырады.

5. Аушы жыртқыш құсты есепке алу және тіркеу үшін:

1) аушы жыртқыш құстың түрі, оның жынысы, туған жылы, қолда ұсталу мақсаты, қолда ұстаудың болжамды кезеңі, аушы жыртқыш құстың сатып алынған жері және тәсілі, сақиналарының немесе микрочиптерінің болуы, өтініш берушінің паспорттың деректері мен мекенжайы көрсетілген, осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жеке немесе заңды тұлғаның өтініші;

2) аушы жыртқыш құстың сатып алыну заңдылығын растайтын құжаттар (алуға рұқсаттың, сатып алу-сату шартының, түбіртектің және (немесе) төлем құжатының көшірмелері) және бұрынғы иесінің атына ресімделген аушы жыртқыш құстың паспорты;

3) аңшы куәлігінің көшірмесі;

4) жеке тұлғаның жеке куәлігінің немесе паспортының және (немесе) заңды тұлғаны тіркеу туралы куәліктің көшірмесі беріледі.

6. Қолда ұсталған және шыққан жерінде тұратын аушы жыртқыш құстардың

паспорттарын ресімдеу дүниеге келген күнтізбелік жыл аяқталғанға дейін, бірақ олармен аң аулау басталудан кешіктірілмей жүргізіледі.

7. Қауымдастық аушы жыртқыш құстар түрінің (жынысының, жасының) сәйкестігін және олардың сипаттамасын, оларға салынған ендерді, аушы жыртқыш құстарды бағып-күту жағдайының болуын тексереді. Аушы жыртқыш құстар тұрақты түрде қолда ұстау үшін алынбайтын сақиналармен немесе микрочиптермен белгіленуі тиіс.

8. Аушы жыртқыш құстарда ен болмаған жағдайда қауымдастық микрочиптермен ен салуды ұйымдастарды.

9. Аушы жыртқыш құсты тіркеу ол заңсыз олжаланған немесе сатып алынған жағдайларда жүргізілмейді.

10. Аушы жыртқыш құстың осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес ресімделген паспортын қауымдастық өтініш тіркелген сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде береді.

11. Әрбір аушы жыртқыш құсқа, осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аушы жыртқыш құсты есепке алу карточкасы толтырылады.

12. Аушы жыртқыш құс пен оның иесі туралы мәліметтер осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аушы жыртқыш құстарды тіркеу журналына енгізіледі.

13. Тіркелген аушы жыртқыш құс аңшылық үшін пайдаланылған жағдайда аушы жыртқыш құстың түрі, сақинаның немесе микрочиптің нөмірі, паспорттың нөмірі көрсетіліп, аңшы куәлігіне жазба жүзеге асырылады.

14. Аушы жыртқыш құс табиғатқа жіберілген жағдайда жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы ведомстволық уәкілетті органдардың аумақтық бөлімшелері мен қауымдастық өкілдерінің қатысуымен иесінің тұрғылықты жер бойынша аушы жыртқыш құсты босату туралы акт жасалады.

15. Аушы жыртқыш құс жоғалып кеткен және өлген жағдайда оның иесі 3 (үш) жұмыс күні ішінде өзі тиісті акт ресімдейді және оны қауымдастыққа есептен алу үшін береді.

16. Аушы жыртқыш құс иесінің тұрғылықты жері ауысқан немесе иесі ауысқан жағдайда оның иесі осы Қағидалардың 5-тармағына сәйкес 5 (бес) жұмыс күні ішінде мекенжайды өзгерту және (немесе) паспортты қайта ресімдеу үшін қауымдастыққа құжаттар береді.

17. Осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен ресімделмеген аушы жыртқыш құстар заңсыз олжаланған болып есептеледі.

Аңшылықта пайдаланылатын аушы жыртқыш құстарды есепке алуды жүргізу

және тіркеу қағидаларына

1-қосымша

Кімге _____

(қауымдастықтың толық атауы)

_____ (заңды тұлғаның атауы не жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (толық),

_____ паспорт деректері

_____ (мекенжайы, телефон және факс нөмірі)

Аушы жыртқыш құстың паспортын ресімдеуге арналған өтініш

_____ аушы жыртқыш құсының паспортын ресімдеуді сұраймын

Аушы жыртқыш құстың түрі, жынысы, туған жылы _____

Ұстау мақсаты және орны _____

Ие болу тәсілі _____

Сақиналары немесе микрочиптерінің болуы туралы мәліметтер _____

20 __ жылғы _____

(өтінім берілген күн) (қолы, Т.А.Ә.)

МО (заңды тұлғалар үшін)

Аңшылықта пайдаланылатын аушы

жыртқыш құстарды есепке алуды жүргізу

және тіркеу қағидаларына

2-қосымша

Аушы жыртқыш құстың паспорты

(НӨМІР) Түрдің атауы _____ (қазақша) _____ (ғылыми)	(НОМЕР) Название вида _____ (русское) _____ (научное)
Жынысы _____ Туған жылы _____	Пол _____ Год рождения _____
Сақинасы (алынбайтын) _____	Кольцо (несъемное) _____
Микрочипі _____	Микрочип _____
Айырықша белгілері _____	Особые приметы _____
Аушы жыртқыш құстың шығу тегі _____	Происхождение хищной ловчей птицы _____
Иесі _____	Владелец _____
Иесінің құжаты _____	Документ владельца _____
нөмірі _____ берілді	номер _____ выдан _____

Аушы жыртқыш құстың тіркелу күні мен нөмірі _____ _____	Дата и номер регистрации хищной птицы _____ _____
«Аушы жыртқыш құстың паспортын» берген ұйым _____ _____ (қолы)	Организация, выдавшая «Паспорт хищной птицы» _____ _____ (подпись)
МО	МП
(НОМЕР) Name of species _____ (English) _____ (scientific) Sex _____ Birth date _____ Ring _____ Microchip _____ Special marks _____ Origin of the bird _____ Name of owner _____ Document of owner _____ number _____ issued _____ Date of registration of the bird _____ _____ Authorized agency _____ _____ (signature) (S.P.)	Мекенжайы Адрес Address _____ _____ _____ _____

Паспорттың мұқабасы

АУШЫ ЖЫРТҚЫШ ҚҰСТЫҢ ПАСПОРТЫ ПАСПОРТ ЛОВЧЕЙ ХИЩНОЙ ПТИЦЫ PASSPORT OF BIRD OF PREY	
---	--

Аңшылықта пайдаланылатын аушы
жыртқыш құстарды есепке алуды жүргізу
және тіркеу қағидаларына
3-қосымша

№ _____ АУШЫ ЖЫРТҚЫШ ҚҰСТЫ ЕСЕПКЕ АЛУ КАРТОЧКАСЫ

Түрдің атауы _____ (қазақша, орысша)
(ғылыми)
Жынысы _____ Туған жылы _____
Сақинасы (алынбайтын) _____
Микрочипі _____
Айрықша белгілері _____

Аушы жыртқыш құстың шығу тегі _____

Аушы жыртқыш құс алынған рұқсаттың нөмірі _____

Иесі _____

Иесінің құжаты _____

нөмірі _____ берілді

Иесінің мекенжайы _____

Аушы жыртқыш құстың тіркелу күні мен нөмірі _____ \ _____

«Аушы жыртқыш құстың паспорты» нөмірі _____

Паспортты алдым. Иесі _____
(қолы)

Карточканы толтырған адамның қолы _____

Аңшылықта пайдаланылатын аушы жыртқыш құстарды есепке алуды жүргізу және тіркеу қағидаларына
4-қосымша

Аушы жыртқыш құстарды тіркеу журналы

Жазба №	Аушы жыртқыш құстарды есепке алу карточкасының №	Аушы жыртқыш құс паспортының №	Құстың түрі	Сақина, микрочип №	Иесі (Т.А.Ә.), заңды тұлғаның атауы	Иесінің мекен-жайы	Тіркелген күні
1	2	3	4	5	6	7	8
1							
2							
3							
4							